



Ақмешіт

12 тамыз
сейсенбі
№60 (2173)
2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshtit.kz@mail.ru

ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚЫЗЫЛОРДА

Өңірде құрылыс қарқынды. Әсіресе облыс орталығында қайнаған тірлікті күнде көріп жүрміз. Зәулім үйлер мен ғимараттар, жолдар жөнделіп, ел игілігіне пайдалануға берілуде. Биыл өңір дамуына серпін беретін ірі жобалар қатары аз емес. Олардың қатарында 11 мың орындық стадион, жаңа жылу-электр орталығының құрылысы бар.

тану және демалыс аймақтары, кафе-терий, VIP-аймақтармен және VIP-кабинеттермен қамтылған. 4 автобусқа арналған автотұрағы, жылу қазандығы, қоқыс төгетін орын және резервуармен жабдықталған. Газон төселген стандартты өлшемдегі футбол алаңы бар. Балалар мен жастар үшін түрлі спорт секциялары жұмыс істейді. Стадион күркүйек айында пайдалануға беріледі. Өңірдегі электр және жылу энергиясының тапшылығын шешу мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынып жатқан жаңа жылу-электр орталығының құрылысына инвестор «Акса энерджи» түрік компаниясы 137 млрд теңгеден астам инвестиция салды. Жоба аясында 2 газ турбиналық қондырғы, 95 МВт-тық бу турбинасы, 2 бу, 4 жылу қазандығы салынады. Бүгінде құрылыстың 70 пайызға жуық жұмысы біткен. Бұдан бөлек, бюджет есебінен 15 млрд теңгеге орталыққа дейінгі 45 шақырым газ құбыры, автоматтандырылған газ тарату станциясы салынды. Құрылыс алаңында 1200-ден астам адам және 130 арнайы техника жұмыс жасауда. Жұмысшылардың басым бөлігі жергілікті тұрғындар екенін айта кеткен жөн.

Станцияны биыл, төртінші тоқсанда іске қосу жоспарланған. Бірінші кезекте 1 газотурбиналық қондырғы мен 2 жылу қазандығы, келер жылы қалған қондырғылар қосылады. Сондай-ақ Сырдың бас шаһарында жол құрылысы қызу жүруде. Атап айтқанда, Жанқожа батыр көшесінде теміржол өткелі салынууда. Бұл қаланың орталық бөлігін Шанхай, Коммунизм, Гагарин шағын аудандарымен қауіпсіз байланыстыруға, көлік қатынасын жақсартуға, қалаішілік жүк және жолаушылар тасымалын арттыруға, азық-түлік айналымын ұлғайту арқылы өңір экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы құны – 4 650,9 млн теңге, бас мердігер «СМК Аманат», техникалық қадағалаушы «МСК Инжиниринг», авторлық қадағалаушы «Инженерный Центр Алматы» серіктестіктері. Қазіргі таңда айналма теміржолдар салынып, инженерлік желілердің орны ауыстырылуда. Сонымен қатар 940 тонна арматура жеткізіліп, свай қарқастарын тоқу, тіреу қабырғаларына арматура орнату және бетондау жұмыстары жүргізілуде. Мұнан бөлек, «Қызылорда – Құмкөл» бағытындағы 9,76 шақырымдық автожолда орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 2 483,9 млн теңге, мердігер «Дорстрой», техникалық қадағалаушы «АрхиДизайнСтройИнжиниринг» серіктестіктері. Өткен жыл соңында басталған жол жөндеу жұмыстары биылғы күркүйек айының соңында аяқталмақ. Сонымен қатар «Қызылорда – Құмкөл» автожолының көлік жолайығында жол жөндеу жұмыстары жүруде. Мұндағы күрделі жөндеу жұмысы жобасының жалпы құны – 1,4 млрд теңге, мердігер – «Қыран» ЖШС. Қазіргі таңда көпірдің 5 кіреберіс қанаты асфальтталды, негізгі үстіңгі бөлігіне қиыршық тас, 800 метріне асфальт төселген. Сонымен қатар қаладағы Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының жалғасы саналатын жол құрылысы да биылғы жыл еңісіндегі қызу жұмыстың бірі. Тағы бір ауқымды жұмыс – Сырдария өзенінің қорғаныс бөгетін нығайту және Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі 2,9 шақырым жол құрылысы. Жобаның құны – 5,3 млрд теңге. Мұнда 4 жолақты автожолмен қатар, ені 6 метр жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары салынады. Жол құрылысын «УАД» ЖШС жүргізуде.

«Ақмешіт-ақпарат»

Серік ЕРГЕШОВ, Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі:

БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Биылғы жылдың алғашқы жарты жылдығында облыста қылмыс деңгейі төмендегені байқалады. Өңірдегі ахуал тұрақты. Полиция департаментінің мәліметінше, құқық бұзушылықтар саны өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3%-ға азайған. Қоғамдық орындар мен көшелерде қылмыс саны да қысқарған, ал қылмыстарды ашу көрсеткіші жақсарып келеді. Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Серік Ергешовпен өңірдегі қылмыс статистикасы, жол қауіпсіздігі, киберқылмысқа қарсы шаралар, есірткі қылмысының алдын алу және аудандарда ашылған жаңа жедел басқару орталықтарының жұмысы туралы сұхбаттасудың сәті түсті.

– Ең алдымен өңірдегі криминогендік ахуал туралы айтып берсеңіз. Жыл басынан бері қылмыс деңгейі қалай өзгерді?

– Жалпы, облыстағы қоғамдық қауіпсіздік ахуалы тұрақты. 2025 жылдың алғашқы алты айының қорытындысы бойынша облыста тіркелген құқық бұзушылықтар саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3%-ға төмендеді. Оның ішінде ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстардың, бөтеннің мүлкін ұрлау және бұзақылық фактілерінің тіркелуі азайды. Қоғамдық орындар мен көшелерде қылмыстардың да саны едәуір қысқарды. Сондай-ақ қылмыстың негізгі түрлері бойынша ашылу көрсеткіштері жақсарып келеді.

2-БЕТТЕ

Жыл сайын елімізде жаңа оқу жылы басталардың алдында дәстүрлі түрде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылатыны белгілі. Акцияға өз үлестерін қосу мақсатында жергілікті тауар өндірушілер А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің жанында мектеп жәрмеңкесін өткізуде.

МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТУДЕ



Жәрмеңкеде мектеп тауарлары мен оқу құралдары қалтаға қонымды бағамен сатылуда. Сондай-ақ жергілікті тауар өндірушілер оқушыларға арналған киімдерді нарықтағы бағадан төмен ұсынууда. Тіпті әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға жеңілдіктер қарастырған. Олардың қатарында «Ақжүрек мүгедектер қоғамы» ҚБ және «Бибі-Айша» тігін цехы де бар. Мектеп жәрмеңкесі күркүйектің 1-не дейін жалғасады.

Әрбір жаңа оқу жылы оқушылар үшін үлкен мереке. Олар осы күнді асыға күтіп, мектеп табалдырығына жақсы көңіл-күймен қадам басады. Сондықтан бүлдіршіндерді мектепке қажетті заттармен қамтамасыз етуде осындай шарапатты шаралардың шапағаты тиері анық.

«Ақмешіт-ақпарат»

БРИФИНГ

АҚЖАРМА: КӨМЕККЕ МҰҚТАЖ ОТБАСЫ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Кәсіпкерліктің дамуы ел экономикасын өрге сүйрейді. Ақжарма ауылдық округінде де кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасалуда. Демек, мемлекет тарапынан беріліп жатқан көмек ақжармалықтарға үлкен серпін берді. Мәселен, қайтарымсыз несие алу, «Ауыл аманаты» бағдарламалары өз нәтижесін беруде. Бұл – несібесін кәсіптен тапқысы келетіндер үшін үлкен мүмкіндік екені анық.

– Кәсіпкерлікті қолдау бағыты бойынша мемлекеттік бағдарламалар аясында округте ауқымды жұмыс бар. Атап айтсақ, жеңілдетілген несие бойынша жылыжай салуға және «Ауыл



аманаты» бағдарламасы негізінде көлік жөндеу орталығын ашу бойынша ұсынылған жобалар қаржыландырылды. Округте жыл сайын әлеуметтік көмек алушы отбасылар саны жыл сайын азайып келеді. Бұл үрдіс азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыру және түрлі мемлекеттік бағдарламаға тартуға байланысты, – деді қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте Ақжарма ауылдық округінің әкімі Саттар Әбдіреес.

Ақжарма ауылында мал шаруашылығын дамыту тұрақты қолға алынған. Барлық мал басы түрінен өсім бар. Әсіресе, мүйізді ірі қара мен жылқы малын көбейтуді тұрғындар жөн көреді. Яғни, ауыл тұрғындары еңбек етуден қашпайды. Еңбек нәтижесін де көріп жүр.

2-БЕТТЕ

ЗАҢСЫЗ САУДА МЕН ҚҰРЫЛЫСҚА ТОСҚАУЫЛ

Облыс орталығында рұқсат етілмеген сауда орындары мен заңсыз құрылысқа қатысты рейдтік іс-шаралар күшейтілді. Қала әкімдігінің бастамасымен арнайы жұмыс тобы құрылып, апта сайын тексеру жұмыстары жүргізілуде.



3-БЕТТЕ

АҚЖАРМА: КӨМЕККЕ МҰҚТАЖ ОТБАСЫ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Ауылдық округ тіршілігінде инфрақұрылымның алар орны ерекше. Елді мекенде бұл бағытта қарқынды тірліктер шешімін тапқан.

– Баймұрат батыр ауылының жаңадан қалыптасқан көшелеріне тас жол салуға қаржы қаралып, 19 көшеде тиісті жұмыс жүргізілді. Алдағы уақытта «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Талдыарал елді мекенінің 1-ші көшесіне жарық орнатылады. Мұнан бөлек, бірқатар жобаларды жүзеге асыруға бюджетке өтінім берілді. Олардың қатарында су тарату насосы мен аяқсу жүйесінің құрылысы, 5 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу жобалары бар. Ал 10 көшеге ауызсу құбырын тартуға, жабық спорт кешенін салуға демеушілік негізінде жоба-сметалық құжаттары әзірленуде, – деді ауыл әкімі.

Ауыл тұрғындарының бірлігі бекем, тірлігі берекелі. Ауыл тұрғындарының жағдайын жасау мақсатында Баймұрат батыр ауылында көнерген көше жарығының 100-ге жуық шамы ауыстырылған. Аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында, көше арықтары тазартылған. Сонымен қатар көркейту-көгалдандыру айлығында мекемелер сенбілікке шығып, 500 Сыр талы мен терек отырғызған. Ағаштар мезгілінде әктеліп, тұрғындар тазалыққа ерекше мән береді.

Болашақ ұрпақтың саналы азамат болып өсуіне ерекше көңіл бөлген де жөн. Осы ретте ауылдағы білім саласында жақсы жаңалықтар аз емес.

Басы 1-бетте



Одан бөлек, мәдениетті дамытуға, ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуға мүмкіндік жасалуда.

Бұл ауылда жұмыссыздық мәселесі жоқ десе де болады. Себебі жастардың көбісі ауылдан қалаға қатынап жұмыс істейді. Қоғамдық көлік қатынасы толық шешімін тапқан.

Бүгінде ауыл келбеті жылдан-жылға жақсарып, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі жақсарып келеді. Демографиялық өсімі артып, еліміздің өркендеуіне өз үлестерін косуда.

– Біздің басты мақсат алдағы уақытта да ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық жағдайын

жақсарту. Елді мекенді дамытуда қол жеткізген жетістіктеріміз болашаққа бағытталған тың істерге жол ашатынына кәміл сенеміз. Қазіргі уақытта округті дамытуға бағытталған жоспарлар нақтыланып, қаржының қаралуына байланысты, кезек-кезеңімен шешімін табуға жұмыс жүргізілуде. Алдағы уақытта алма бағын өсіру, көшелерді абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарына сметалық құжаттар дайындау жоспарлануда, – дейді Ақжарма ауылдық округінің әкімі.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ
Суретті түсірген:
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Биле, жастар, биле!



Сырбойылық жастар халықаралық жастар күнін ерекше атап өтуде. Қала орталығында өткен заманауи би сайысы жас таланттардың басын қосып қана қоймай, көрерменге ерекше мерекелі көңіл-күй сыйлады.

сәттілік тілеймін. Жастар әрқашанда жан-жақты, ізденімпаз әрі талантты болуы қажет. Міне, бүгін сіздер бұл сөздің айқын дәлелісіздер. Өнерге деген құрмет әрқашанда шексіз болуы тиіс. Жастар күні құтты болсын! – деді ол.

Жарыстың алғашқы сәтінен-ақ жастардың сахнаға ерекше дайындықпен келгені байқалды. Байқау түрлі би жанрында өтті: ырғақты хип-хоп, қимылы ширақ break dance, және жастар арасында кең таралған Q-рор стиліндегі би көрерменді тәнті етті.

Орталық алаң күндегіден ерекше. Халықтың өнерге деген ықыласы қатысушыларға дем бергендей.

– Жас таланттарға әрдайым қолдау білдіріп келе жатқан «Qosyl» жастар ресурстық орталығына алғысым шексіз. Бұл алаңға тек нағыз өнерлі жастар жиналған. Әрқайсысы мықты, сахнада өзін еркін ұстайды. Бүгінгі атмосфераны сөзбен айтып жеткізе алмаймын, көрерменнің ыстық лебізі бізді шабыттандырды, – деді байқау қатысушысы Ақниет Нәсіпбекова.

– Өзім би өнерінің жанкүйерімін. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Барлық қатысушы талантты әрі ерекше. Әр билдің өз шығу тарихы бар. Алдағы уақытта осындай байқаулар жиі ұйымдастырылса деймін, – дейді қала тұрғыны Сейдан Сабина.

Сайыс барысында бірнеше есте қаларлық сәт болды. Мәселен, бір топ бишілер сахнаға ұлттық нақыштағы оюмен өрнектелген киіммен шығып, заманауи биді қазақтың дәстүрлі қимылдарымен үйлестіріп орындаса, екінші топ Q-рор стилінде биледі. Бұл көрініс көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Ал батл кезеңінде қарсыластардың бір-біріне жауап ретінде ойлап тапқан би қимылдары көрермендерді тамсандыра түсті.

Іс-шара соңында жеңімпаздар марапатталды. Осылайша, жастар күні аясында өткен заманауи би сайысы қызылордалық жастардың өнерге деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға жол ашты.

Айдана БАХТИЯР



– Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру үшін қазіргі кезде заманауи автоматты бақылау жүйелері кеңінен қолданылуда. Бүгінде облыс аумағында жол ережесін бұзуды автоматты түрде тіркейтін 112 стационарлық құрылғы орнатылған. Олардың қатарында «Арқан» - 20, «Интегра КДД» - 5, «Мираж» - 1 дана, «Зерек» - 3 дана, «Сергек» - 10 дана, «Ekin X Spotter» - 1 дана, «Ekin BOX Spotter» - 49 дана құрылғы жүйелері



БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



бар. Сонымен бірге 23 жылжымалы «Ekin Patrol» кешені жұмыс істейді.

Бұл арнайы құрылғылар жүргізушілердің белгіленген жылдамдықты асыруы, бағдаршам қызыл жанып тұрғанда өтіп кетуі, жол белгілері талаптарын сақтамауы сияқты құқық бұзушылықтарды автоматты түрде анықтайды. Жыл басынан бері осы камералардың көмегімен 52295 жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі тіркелді. Жалпы, жолдағы төртінші сәтқауда және жол апаттарын болдырмауда мұндай автоматты жүйелердің тиімділігі өте жоғары екені тәжірибе жүзінде көрініп отыр.

– Киберқылмыс пен интернет арқылы жасалатын алаяқтықпен күресте қандай заманауи цифрлық технологиялар қолданылуда?

– Киберқылмыстар мен интернет-алаяқтықпен күресу үшін жаңа цифрлық шешімдер кеңінен қолданылуда. Қазір интернет алаяқтыққа қарсы күресте озық цифрлық технологияларға сүйенеміз. Мәселен, жасанды интеллект негізіндегі алгоритмдер күдікті қаржылық транзакцияларды автоматты түрде анықтайды. Сондай-ақ Ұлттық банкпен және Ішкі істер министрлігімен бірлесіп құрылған «Антифрод орталығы» жүйесі арқылы алаяқтық мақсаттағы ақша аударымдарын дер кезінде бұғаттауға қол жеткіздік. Бұған қоса, отандық «KazDream» және «Seven Hills of Kazakhstan» компаниялары әзірлеген арнайы бағдарламалық кешендер кеңінен қолданылуда. Жалпы, интернет кеңістігінде алаяқтық әрекеттердің көбеюі қоғам үшін елеулі қауіп төндіріп отыр. Сондықтан біз бұл бағыттағы күресті барынша күшейтіп, азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға және қылмыстың алдын алу шараларына ерекше мән беріп отырмыз.

– Интернет арқылы жасалған алаяқтық қылмыстар бойынша осы жарты жылдықта қандай фактілер анықталды? Соңғы уақытта қолға түскен алаяқтар туралы айтып берсеңіз.

– Жуырда интернет арқылы алаяқтықпен айналысқан бірнеше қылмыстық топ әшкереленді. Атап айтсақ, шілде айында Астана қаласында «Instagram» әлеуметтік желісі арқылы тұрғындардың ақшасын еселеп беремін деген уәдемен алдап келген екі адамнан тұратын топ құрықталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қазіргі кезде олардың әрекеттері бойынша 20 қылмыстық іс тергелуде. Сондай-ақ интернетте автокөлік сататыны туралы жалған хабарландырулар беріп, азаматтарды алдаған тағы бір алаяқтар тобы ұсталды. Бұл іс бойынша тергеу аяқталып, материалдар сотқа жолданды.

Басы 1-бетте

фактісі, 28-і есірткі өсіру, 4-і есірткі заттарын жарнамалау және 1-і есірткіні аса ірі көлемде сақтау дерегі. Заңсыз айналымнан жалпы салмағы 449 килограммға жуық есірткі заттары тәркіленді, оның ішінде 61 килограмм марихуана, 432 грамм гашиш, 377 килограмм сора және 808 грамм синтетикалық есірткі бар. Сонымен қатар үй жағдайында сора өсірген 4 бірдей фитоэртхана анықталды.

Осыған қоса, әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізетін «Кибер-қадағалау» жүйесінің көмегімен синтетикалық есірткілерді жарнамалаған 1000 интернет сайтының жұмысы тоқтатылды. Маусым айында аса ірі көлемде «мефедрон» деп аталатын синтетикалық есірткіні тасымалдаған Қызылорда қаласының тұрғыны ұсталды. Бұдан бөлек, қала аумағында күн сайын полицияның кешенді жасақтары көпқабатты үйлердің ауалары, гараждар мен құрылыс алаңдарында рейд жүргізіп, жедел басқару орталығының бейнекамералары арқылы тұрақты бақылау жасалуда. Жалпы, нашакорлықтың алдын алу ісі департаменттің ерекше бақылауында екенін атап өткім келеді.

– Аудандарда ашылған жедел басқару орталықтарының маңызы қандай? Бұл орталықтар қалай жұмыс істейді?

– Жедел басқару орталығы – ұсақ құқықбұзушылықтан бастап ауыр қылмысқа дейін «ізін суытпай» ашуға мүмкіндік беретін, ішкі істер органдарындағы өте маңызды құрылым. Қылмыстың алдын алу және оны жедел ашу мақсатында полиция қызметін жан-жақты цифрландыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Осы бағытта Қызылорда облыстық Поли-



шара өтті. Іс-шара барысында қала және аудан тұрғындарымен кездесу өткізіп, түсіндірме интерактивті дәрістер мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Сондай-ақ мектептер, колледждер мен университеттерде студенттерге арналған ашық сабақтар өтті. Тұрғындарға арнайы дайындалған бейнероликтер көрсетіп, ақпараттық жадынамалар мен парақшалар таратылды. Жалпы саны 35 мыңнан астам жадынама халыққа үлестірілді. Сонымен қатар орталық алаңдар, базарлар, сауда үйлері, қоғамдық көлік, әуесжай, стадион, теміржол вокзалы сияқты халық көп жиналатын орындарда да түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

– Есірткі қылмысына қарсы күрес бойынша биылғы алты айда қандай нәтижелерге қол жеткіздіңіздер?

– Жыл басынан бері облыс көлемінде есірткіге қатысты 131 құқықбұзушылық анықталды. Оның ішінде 20-ы есірткіні өткізу (сату)

ция департаментінің 7 аудандық бөлімінде заманауи талаптарға сай жедел басқару орталығы кешендері ашылды. Аталған жоба аясында әр ауданға 77 бейнебақылау камерасы және жол қозғалысы ережелерінің бұзылуын автоматты түрде анықтайтын 7 арнайы кешен орнатылды.

Енді облыстың барлық аудандарында қоғамдық орындарды лақтау, темекі тұқылын тастау, жаяу жүргіншінің белгіленбеген жерден өтуі және автокөліктердің жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілері орталықтағы операторлардың тікелей бақылауында болады. Полицияның құқықбұзушылықтардың алдын алу, азаматтарға жедел көмек көрсету, жол-көлік оқиғаларын азайту, жүргізу мәдениетін арттыру және өңірдегі қоғамдық тәртіпті сақтау бағытындағы жұмыстарының тиімділігі осы орталықтар арқылы бақыланады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
София ТЕМІРБОЛАТ

Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі лауазымына кандидат Ахетов Еркін Әбдірайханұлы

ӨМІРБАЯНЫ

Ахетов Еркін Әбдірайханұлы 1973 жылы 6 тамызда Қызылорда қаласына қарасты Қарауылтөбе ауылдық округінде дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі жоғары. 2007 жылы Қорқыт ата атындағы ҚМУ, 2020 жылы Болашақ университетінде білім алып, «Экология және табиғатты пайдалану», «Құқықтану» мамандығын алған.

Еңбек жолын 1991 жылы Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығынан бастап, 2005-2008 жылы Қызылорда облысы статистика басқармасында статист-маман, 2009-2010 жылдары «Қырғи күзет» ЖШС-де күзетші, 2010-2014 жылдары Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман, 2014-2016 жылдары «Ахетов» ЖК-нің директоры, 2017-2018 жылдары Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының әдіскері, 2018-2019 жылдары ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ Қызылорда инспекциясы бөлімінің бас маманы, 2019-2021 жылы ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ балық шаруашылығы бөлімінің бас маманы, 2021 жылы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы балық шаруашылығы бөлімінің бас маманы, 2021 жылдан бастап Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мен «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғалы бес жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениетін өзгерте алдық. Пікір білдірудің бірқатар тиімді тетігі және түрлі диалог алаңдары пайда

болды. Мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей сөйлесуі қалыпты жағдайға айналды. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жаңа моделін қалыптастырды. Олар жауапкершіліктен, проактивті, ашық және тиімді жұмыс істей бастады. Дегенмен мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бәріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек», – деген еді.

Ауылдық округтің жергілікті қауымдастық мүшелері және ардагерлер кеңесімен бірлесе жұмыс істеп, тұрғындардың әл-ауқатын, тұрмыс жағдайын жақсартуға, ауылдың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін дамытуға бағытталған жоспарларды жүзеге асыру әрдайым назардан тыс қалған емес. Алдағы уақытта да елмен бірге халыққа қызмет етемін. Орайы келгенде ауыл әкімі ретінде нендей мәселеге басымдық беретініме назар аударғанды жөн көрдім.

– Қарауылтөбе ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында алда тұрған міндеттерді айқындап, олардың уақытында жүзеге асуына басымдық беру;

– Ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту мақсатында ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, әлеуметтік қамсыздандыру салалары бойынша мемлекеттік бағдарламалардың әлеуетін пайдаланып, шағын және орта кәсіпкерлікті жандандыруға күш салып, сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ұйытқы болу, «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарының табысын арттыруға ықпал ету;

– «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ауыл жастарына жұмысшы мамандықты кеңінен насихаттап, олардың кәсіби-техникалық білім алуына, жұмысқа орналасуына ықпал ету;

– Халықтың денсаулығы – басты назарда. Осы орайда ауылда жаңа амбулатория салу жұмысын үйлестіруге күш саламын.

– Ауылдағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың мұн-мұқтаждарын үнемі назарда ұстап, өкілетті органдармен бірлесе отырып мәселелерін шешуде бірлесе жұмыс атқару. Қосымша қайырымдылық акцияларын ұйымдастырып, шын мұқтаж отбасылардың атаулы әлеуметтік көмектерді уақтылы алуына жағдай жасау;



– Ауылда кәсіпкерліктің қанат жаюына барынша мүмкіндік жасап, салық түсімін арттыруға жұмыс істеу;

– Инфрақұрылымдық жүйелерді жақсарту. Ауылдағы жарық желісін жаңартуды қажет ететін үш көшенің жарық мәселесін уақыт оздырмай шешілуіне ықпал ету;

– «Таза Қазақстан» акциясына барша тұрғындардың үн қосуына ықпал етіп, ауылды абаттандыру, көркейту-көгалдандыруды ұйымдастырып, санитарлық тазалығын сақтау бағытында жүйелі жұмыс жүргізу.

– Бұқаралық спортты дамыту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Ауылда бұқаралық спорттың дамуына қолайлы орта қалыптастыруды әрдайым назардан тыс қалдырмау. Жастар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді пайдалануға арналған спорттық секциялардың жұмыстарын жандандыру, мәдени шараларды ұйымдастыру.

– Ауылдық округте қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, құқықбұзушылық әрекеттер мен қылмыстың алдын алу бағытында құзырлы орындармен бірлесіп тиісті жұмыстарды үйлестіру.

Қарауылтөбе ауылы – кіндік қаным тамған, туып-өскен жерім. Туған жердің бір перзенті ретінде ауылдың әрбір сай-саласы мен үшін ыстық. «Бір туған жеріне» деп бекер айтпаса керек. Ауылдан түлеп ұшып, білім алып, сол білімді, тәжірибені ауылды түлетуге жұмсау – әр перзенттің арманы дер едім. Мен де асқар арманмен елге қызмет етсем дейтін едім. Сол арманымға жетіп, бұған дейін де ауыл әкімі ретінде халыққа қызмет етсем, сол қызметімді әлі де жалғастыруды жөн көрдім. Өріне, таңдау өзеріңізде. Мен туған жерге қызмет етуге әрқашан да дайынмын!

Қаржысы облыс бюджетінің қаражасынан төленді.

ЗАҢСЫЗ САУДА МЕН ҚҰРЫЛЫСҚА ТОСҚАУЫЛ



Мақсат – қала келбетін бұзатын, тұрғындар мен қонақтарға қолайсыздық тудыратын заңсыз әрекеттерге жол бермеу. Сауда орындарындағы ретсіз саудаға тосқауыл қою – басты назарда.

Тексеру барысында «Қорқыт ата» сауда үйінің аумағында рұқсатсыз сауда орындарының көбейгені анықталды. Кейбір саудагерлер жаяу жүргіншілер жолын жауып, адамдардың еркін қозғалуына кедергі келтірді. Мұндай жағдай қоғамдық тәртіпті бұзып қана қоймай, қала мәдениетіне де нұқсан келтіреді. Рейдтік топ құрамына ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, кәсіпкерлік бөлімдерінің мамандары мен учаскелік полиция



инспекторлары қатысты. Олар Қорқыт ата, Пушкин және Әбілқайыр хан көшелеріндегі сауда нүктелерін аралап, заңға бағынбаған кәсіпкерлерге ескерту жасады.

Алдағы уақытта ескертуге құлақ аспаған жағдайда, заң бойынша айыппұл салынады. Мамандардың айтуынша, мұндай рейдтер апта сайын тұрақты түрде жүргізіледі.

Тексеру жұмысы «Жаңа базар» аумағында да жалғасын тапты. Онда



да заңсыз саудамен айналысқан, жаяу жүргіншілер жолын бөгеген кәсіп иелері анықталды. Оларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сауда нысандарын рұқсат етілген орындарға көшіру керектігі ескертілді.

– Қала әкімдігі жанынан арнайы жұмысшы топ құрылды. Мақсатымыз – заңсыз жер иеленудің, мемлекеттік жерді мақсатсыз пайдаланудың және рұқсатсыз құрылыс жүргізудің жолын кесу. Әсіресе жаяу жүргіншілер жолы мен аялдама маңында заңсыз сауда жасайтындар көбейді. Бұл – тұрғындардың жиі шағымданатын мәселесі. Сол себепті бұл бағыттағы жұмыс қатаң бақылауға алынды. Алдағы уақытта рейдтік жұмыс тек бір-екі нысанмен шектелмей, қаланың



барлық аумағында жүргізіледі. Басты мақсат – тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру, – деді қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі басшысы Абылайхан Өуезханов.

Мамандардың айтуынша, алдағы аптада рейдтік іс-шаралар қаладағы өзге де базарлар мен сауда нүктелерінде жалғасады. Тұрғындардан түсетін өтініштер мен шағымдар да ескерілімек. Әкімдік өкілдері заңсыз сауда орындары мен құрылыс қарсы күрес тұрақты түрде жүргізілетінін айтты.

Қалада жүргізіліп жатқан рейдтер тек тәртіп орнату ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін маңызды.

Айдана БАХТИЯР

Басы 1-бетте

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Кызылординской областной станции скорой медицинской помощи» управления здравоохранения Кызылординской области.

Дата проведения конкурса: по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет №207.

Наименование предприятия с указанием места нахождения почтового адреса, телефона: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Кызылординская областная станция скорой медицинской помощи» управления здравоохранения Кызылординской области, Кызылординская область, город Кызылорда, проспект Астана, строение №1 «Б», контактный телефон: 8 (7242) 40-05-20, 8 (7242) 23-77-32 e-mail: KZO103@KZO103.KZ

Основная деятельность: оказание скорой и неотложной медицинской помощи населению области.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательный совет в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;
- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;
- членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

Перечень документов, которые необходимо представить для участия в конкурсе:

- заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- резюме на казахском и русском языках;
- автобиография (в произвольной форме);
- копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- копия документа о высшем образовании;
- копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Кодекса;
- документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы). Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны: 1) быть адресованы уполномоченному органу соответствующей отрасли (местному исполнительному органу) по адресу, указанному в приглашении или информации в периодической печати; 2) содержать слова «Конкурс членов наблюдательного совета государственного предприятия _____» и «Не вскрывать до _____» (дата и время вскрытия конвертов, указанных в приглашении или информации в периодической печати).

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 30 календарных дней с момента публикации данного объявления в управления здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

Телефон для справок: 8 (7242) 40-05-20 (116).

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық медициналық желдік жәрдем стансы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне конкурс жариялайды.

Конкурс өткізілетін күн: Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізілетін орыны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №207 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Астана даңғылы, құрылыс №1 «Б» мекенжайы, байланыс телефоны: 8 (7242) 40-05-20, 8 (7242) 23-77-32 e-mail: KZO103@KZO103.KZ Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық медициналық желдік жәрдем стансы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Негізгі қызметі: облыс халқына жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету.

Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің:

- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- Кодекстің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстың өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, жекісінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер: 1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы; 2) «_____» - мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «_____» дейін ашуға болмайды» (шақыруда немесе мерзімдік басылымда көрсетілген конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 27-үй мекен-жайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.


Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-05-20 (116).

–Тұңғық теңіз үстінде,
Тәуекел мінген кемеде.
Бөртебайдың баласы
Өзімнің атым Сәрсенбай
Шөмекей едім төменгі, – деп жырлап, сөз маржанын тізбектей төгіп, бір ырғақты өзге ырғақпен көмкеріп, он бес мақаммен әрлеген, тарлан талант иесі, көркем сөздің дүлдүлі Сәрсенбай жырауды күллі ел төбесіне көтеріп құрметтеген.

Мақамымен мәшһүр Майра

Бұл күнде аталдан мирас болған жыраулық өнерді немересі Майра Сәрсенбаева алтын үзіктей жалғап, ұзын сонар дастандар мен хикаяларды дүйім елге насихаттап келеді. Киелі сахнада 40 жылға жуық өнер көрсетіп келе жатқан талант иесі жайлы Сыр елінің белгілі перзенті Бауыржан Омарұлы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында әсерлі жазба қалдырыпты.

«Жаңа ғана белгілі фототілші Болат Омаралиев әлеуметтік желіге осы суретті жариялады. Бұл — Сыр бойындағы дәстүрлі жыршылық мектептің талантты өкілі, бүгінгі танымал өнерпаз Майра Сәрсенбаеваның кішкене күніндегі бейнесі. Тітімдейнен қолына домбыра ұстап, балапан даусымен өз мақамын тауып, жыр айтқан бойы бір тұтам Майраны Болат ағам байқап қапты. Енді қараңыз. Ақ баптық таққан сегіз-тоғыз жастағы жыршы қыз айналасындағының бәрін ұмытқан. Өзі сахнада отырғанымен, көзі өзге әлемде. Киелі өнердің әсерлі әуеніне берілген. Бала болса да, бірталай жерге терең бойлап кеткен сыңайлы. Қабағы сәл түйіліп, қасы керіліп, жұқалтаң танауы желп-желп етеді. Сүйріктей саусақтары тоғыз пернені қуалап, дамылсыз



2004 жылы Шымкент қаласында өткен «Шалқар термесі-2004» термешілердің республикалық байқауынан III орын алып, Сыр елінің мерейін көтерді. 2005 жылы белгілі ғалым, түркітанушы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев-тың 100 жылдық мерейтойына арнал-

ған III республикалық «Ғасырлар үні» жырғаулар фестиваліне қатысса, 2006 жылы Бішкек қаласында өткен I Эпос жырлаушылардың фестивалінде өнер көрсетті. «Қазақтың күміс көмей Көшеней» атты республикалық жырғаулар сайысында I орын иеленді. 2006-2014 жылдары Қызылорда қаласында өткен түркі тілдес елдердің халықаралық «Қорқыт және ұлы дала сазы» атты өнер фестиваліне қатысса, 2007 жылы Ұлыбритания еліндегі қазақ елшілігінің арнайы шақыруымен Лондонда өткен Қазақстанның мәдениеті және өнер күндерінде өнер көрсетті.

2008 жылы Алматы қаласында өткен «Замана-ай» атты республикалық термешілер байқауынан I орын, 2009 жылы «Алаштың Ақмешіті» дәстүрлі орындаушылар фестивалінен дипломмен оралды.

2012 жылы жыршы-термешілердің облыстық «Жыр-керуен» фестиваліне белсене қатысып, Сыр сұлейлерінің мол мұрасын насихаттауға зор үлес қосқаны үшін және халқымыздың жыршылық үрдісіне тың серпіліс әкелгені үшін көрерменнің зор алғысына бөленді. «Батыр баба, Бұқарбай!» атты республикалық дастан орындаушылар конкурсының III орын, «Шұғыла шапқан — «Шаһнама» атты республикалық дастан орындаушылар конкурсының I орын иегері. «Алты Алашқа аты мәшһүр — Иманжүсіп» дәстүрлі әншілердің республикалық фестиваліне қатысса, 2014 жылы «Текті сөздің төресі — терме» атты республикалық термешілер байқауында белсенді өнер көрсеткені үшін Мәдениет және спорт министрілігінің Алғыс хатымен марапатталды.

2015 жылы «Текті сөздің төресі — терме» атты республикалық жыршы-термешілер байқауында II орын иеленсе, «Ордалы сөздің иесі — Қазыбек би» атты жыршы-термешілер конкурсының Қазыбек би атындағы бас жүлдесін алып, құрметке бөленді.

2018 жылы Сыр сұлейлерінің көрнекті өкілі, жырау Сәрсенбай Бөртебайұлының мұрасын ұрпаққа дәрiптeудегі табанды еңбегі және облыстық «QYZYLORDA» телеарнасының «Жыр-Керуен» тележобасына, Қарағанды қаласында өткен I халықаралық жыршы-жыраулар, «Өлімбай — жырдың арнасы» атты облыстық жыраулар фестиваліне, «Сыр сұлейлері» көпшілі жыр керуені өнер фестиваліне, «Алты Алаштың шайыры...» атты облыстық жыраулар фестиваліне қатысып, озық үлгі көрсеткені үшін марапатталды.

2019 жылы Атырау қаласында өткен «Жырым жетсін жалпыға» атты республикалық фестиваліде «Мұрагер жырау» жүлдесін жеңіп алды.

Бүгінде саф өнердің жарыққа шығып, елге танылуына жан аямай қызмет етіп келе жатқан Майраның жыр қоржынында Сыр сұлейлерінің терме-толауларымен бірге «Абылайхан» тарихи дастаны, «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры, Сәрсенбай жыраудың «Жүсіп-Ахмет», «Мұңсызхан» дастандары, «Алпамыс батыр», «Айман-Шолпан» жыр-дастаны, қаламынан туындаған «Отырардың күйреуі» дастаны бар. Елге сіңірген еңбегі ерекше бағаланып, 2014 жылы ҚР Мәдениет министрлігі «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, 2021 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Қалай десек те, ұлттық өнер халықтың баға жетпес қазынасы. Жырдың айтылу мәнері де өнер сүйер қауымды әсерге бөлеп, жан дүниесін тербейді. Жыраулық мақамды атасы Сәрсенбай жыраудай мың құбылған Майраның мақамы ерекше.



Ғайһар
ҚОЖАХМЕТОВА

Бозымбай алған белестер



1947 жылы бұрынғы Тереңөзек ауданына қарасты киелі Қараөзек жерінде өмір сөігін ашқан ардақты азамат, ақын, ұлағатты ұстаз, аяулы әке, асыл жар Бозымбай Қоқыбасов Қараөзек ауылындағы №39 «Қызылөзек» орта мектебінде Сақыбек Алданазаров, Әуесхан Әбішев, Аймахан Жүсіпов, Қайырбек Дүйсебаев, Дурман Кенжетұлов, Үмітқұл Балтабаева, Бодық Үсеинов сияқты белгілі ұстаздардан дәріс алды. Қаладағы Н.В.Гоголь атындағы пединституттың филология факультетінде білім алып, тәмамдағаннан кейін өзі оқыған «Қызылөзек» мектебінде ұзақ жыл ұстаздық қызмет атқарды. Кейін осы мектептің директоры болып, ауылдағы мектептегі түрлі мәдени іс-шараларды басқарып, үлгілі істердің басы-қасында жүрді. Ол кезінде ақын Асқар Тоқмағамбетов, белгілі журналист, ақын Қазі Данабаевпен шығармашылық байланыста болған қаламгер еді. Өлеңдері сөз кезегі облыстық «Ленин жолы» газетінде жарық көрді.

Болмысы бөлек Бозымбай 2005 жылы өмірден өтті. Артына онетелі ұрпақ пен өміршең өлең қалдырды. Ақындық пен ұстаздықты ұштастыра білген оның құмыры қамшының сабындай тым қысқа болды. Енді өлең жолдарына кезек берелік.

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ
Қазақстан Журналистер одағы мен
Жаулар одағы басқармасына қарасты
Қазақстан сықақшылары «Найзагер»
қауымдастығының мүшесі.

Сыр мінезді Сәбира (С.Майқанованың 90 жылдығына)
Қазақтың күрескері, білекті елі, Сырындай ағыты екен жүректері. Самғайды шартарапқа қанат қағып, Сарыауыз, балапандар, түлектері.
Бұлтты күн жорғалайды ұрланып ай, Иірім күй шертеді ыргалып-ай. Жігіті пәк келеді ақ қайындай, Аруы мың бұралған Сыр талындай.
Мінез бар алай-түлей желдетеді, Артында жайма-шуақ тез келеді. Күйінен ұшқындатып көкке жетсе, Ақ жауын төпелетіп селдетеді.
Еңбекшілер ер мекені, ел мекені, Еңбекпенен боз баласы ер жетеді. Өн болған Сыр сұлуы көркем қыздар, Сүйріктей сүйкімді боп бой жетеді.
Бойтұмар, бар ғашық ән тербетеді, Сырымның бір өзінде келбеті енді Тоқсаның Сәбира апа құтты болсын, Төріме, құс мамыққа төрлет енді.
2003 жыл.
Бір сезім
Билеп алды әсем сұлу сыйластық, Сәлем түзу, байқалмайды қиғаштық. Бата алмаймыз сыр ақтарып айтуға, Іштей ғана сезіледі қимастық.
Өлең, шіркін, жан-саямды ақтарды, Қарсы алар күн болар ма екен ақ танды? Сен бір Ғәкку, әнші болып шырқайын, Ал ақынды, домбыранды тарт кәні.
Сол бір кеште билегенді ұнаттым, Үтірі кім, нүктесі кім, сұрақ кім? Ерке лағын құралайдың ұстауға, Сен байқамай, мен байқадым құмарттым.
Домбырадан бекерге әуен шықпайды, Тоғыз перне, екі шегім неқтайды.

Қарашығым бір қадалса бұқпайды,
Мәлдір көзің кірпігімді құптады.

Көктем
Көктем келді жондарыма құлпырып,
Көктем сені қарсы аламын пір тұтып.
Жер түрленді түкті кілем түсіндей,
Тамшы болып төгіледі нұрлы шық.

Сәуір мынау сәуеленген күн шығып,
Өңге тербер, кең далама гүл шығып.
Абыр-сабыр ұйқысынан оянып,
Ойнатады жан ләззатын тіршілік.

Бүршік жарды Сыр бойында талды аймақ,
Қыз-көктемде кім бәйгеден құр қалмақ.
Асығады көмбе тұрған кермеге,
Арысқұмда сыр шашады қызғалдақ.

Шәмші аға
Тыңдадық әнді қаншама,
Еліктеп кетіп тамсана.
Бес жыл да өтті арада,
Сағындық сені, Шәмші аға!

Анаңыз жүзін көремін,
Мен қазақ тұтас ел едім.
«Сыр сұлу» жайнап тұр анау,
«Қайықта» жайлап келемін.

Толқыны Каспий ұрады,
Нұр шашып күнім тұрады.
Аңсадық сені, ағажан,
Бүйрегің сізге бұрады.

Көңілге қуаныш толса да,
Бақтарың болды жан сая.
Мәңгіге кетті әндерің,
Бірге бол бізбен, Шәмші аға!

Көктем – қыз, күз - жігіт

Жыл мезгілі жарасады алмасып,
Бөйге болса, сій, жігітім, алға шық.
Көкпар кетті «Құлагердің» ерінде,
Неғып тұрсың алжасың...

Қалмайсың ба осы кезде қарманып,
Қалдың ба әлде қызды көріп алданып.
Аттың басын жібер енді, тұрма тек,
Бір ғашығың кез болды ма, болды анық.

Мына сөздер көпшіліктің ойы ма?
Жылт етті де сезім шіркін ойына.
Бір тебініп, сілтеп қалды қамшыны,
Жігіт тартты Сабан тойдың тойына.

Боз қырау боп бусанады бұлау жер,
Елерің тұр көкпар алған Құлагер.
Ерлігіне мына қыздың тәңті боп,
Қол шапаттап, бас иеді, құлады ел.

Өмір тартыс дәл осылай өтеді,
Бір қиырдан бір қиырға жетеді.
Бір жігіт, бір қыз боп тұра алмай,
Бірі ата боп, бірі әже боп кетеді.

Сараланды сары алтындай жапырақ,
Құт мереке түрленіп тұр атырап.
Қызыл дәннен тау тұрғызған дикандар,
Қайыспайтын қайсар жандар, батыр-ақ.

Көктем айын теңейік біз қыздарға,
Теңемеске дайын бізде сөз бар ма!?
Ал Күз айы жігіттікті танытқан
Ұқсамай ма ұланымыз ұлдарға!

Достарды сағыну

Қандай құмбат достық пенен балалық,
Тұсау кескен есте әлі ала жіп.
Міне, есейді, көркем жігіт, әсем қыз,
Арпта да бір, ойланып бір қаралық.

Кластастар, қайдасындар келіндер,
Келіндер де, той-тамаша көріндер.
Сағындырған, сағым қуған күндерді,
Өн-жырменен көмкеріндер, төгіндер.

Он жыл болды ұямыздан ұшқалы,
Сіздер берген ақыл-кеңес ұшталды.
Дидарласып, сәлем беріп келдік біз,
Ал қызыл гүл құшағына құшқаны.

Адамдар да болады екен іркіліс,
Адамдарда болады екен сілкініс.
Жеткізбейді өмір шіркін, шолақ тым,
Ой толқатар батыс пенен күн шығыс.

Бір Алланың болады екен алды нық,
Біреулерді жаратады малды ғып.
Арамызда бос тұр, міне, орыны,
Асылбек пен қайда кетті Қалдыбек?

Айтар сөзім шықпай тұр-ау көрікті,
Деменіздер ой-сөзімін ерітті.
Әскербек пен Ертуғандар алыстан,
Көмескі айна көрсетеді Серікті.

Басқа сөзді сипамадым, қоспадым,
Тыңдамадың, шырқалды ма басқа әнім.

Жүрсіндер ме ойнап-күліп жаннатта,
Бағыштадым құран сөзін достарым.

Жаңа гасырға жаңа тілек
Шын көңіл ақ жүрекке ерік бердім,
Мен бүгін болашаққа сеніп келдім.
Жаңа жыл, жаңа гасыр құтты болсын,
Көк тулы, көк күмбезді көрікті енім.

Бұл гасыр берері мол қадамы нық,
Еркелеп ағып жатысын таза бұлақ.
Өткенге өкінбейік, тарих шындық,
Мән-жайды білсең болды таразылап.

Жыл жетіп, жыл артынан көсіледі,
Тек жүрсен теріп жейсің несібенді.
Аман боп ұрпағымыз гүлдей жайнап,
Тербелсін бүлдіршіндер бесікті енді.

Еркіндік, еңсем биік дараландым,
Тұяғын тұшпарлардың тағаладым.
Биік шың, теңіз, дала ұрпағымыз,
Батасы қабыл болсын бақтардың.

Бесік жыры
Өмір қандай келешекпен бақытты,
Байқамаймыз сырғып өткен уақытты.
Бесігімде тербітілген болашақ,
Шақырады ұлы думан шаттықты.

Ұлы адамдар шыққан осы бесіктен,
Ана әлдин жылағанда есіктен.
Түбек, шумек, ақ мамығы, көңпігі,
Үкілеген ақ бесігін көріп не еш?

Бесік жыры тербеле бер әндеткен,
О, бөпешім, кезермеші шөлдеп сен.
Анан отыр ақ сүт беріп аймалап,
Аман болшы арам ойлы тіл-көзден

Абайды сағыну

Сөздерің естілгендей жаңа ғана,
Жаңғырық таралған-ау далама да.
Жүздісің өзіңменен тарқап едік,
Қайдасың, қайда кеттің Абай аға.

Аралап елді мына қалаға да,
Барасың ұқсап биік самалаға.
Жырлаған жыл мезгілін өзгеріп тұр,
Қайдасың, қайда кеттің, Абай аға.

Сағындық қам көңілді жаралама,
Ұмтылып талпынамыз саналы алға.
Соктықпалы, соқпақты жеріміз бар,
Қайдасың, қайда кеттің, Абай аға.

Қысып тұр халқымызды нарық баға,
Өзің пеш таразыла, анықта да.
Төсінді қайта идірші қасиетті,
Қайдасың, қайда кеттің, Абай аға.

Қарашы, егеменді халқыңа да,
Мыңы жез, бір өзіңсің алтыны, Аға!
Бер батаңды ұрпағың сұрап отыр,
Баяғы шапан киген қалпым, Аға!

Туған жер

Асқарқын, абыройлы, саналы кім?
Жаралы кірбін қабақ қаралы кім?
Бөрінің тауқыметін біліп жатсың,
Жансаым, туған жерім Жаңарығым.

Өмірдің арқау еттің тазалығын,
Бал дәурен көз алдымда балалығым.
Тілім мен ділім қайта жаңғырған соң,
Мешіттен қарсы аламын азан үнін.

Көрсетпе адамдардың алалығын,
Түлеген елді мекен, қала бүгін.
Төсінді қайта идірші қасиетті,
Ақ маңдай, көк күмбезді Жаңарығым.

Қанаты талмай ұшсын қырандардың,
Сейілсін өткен заман тұмандарың.
Тік ұстап көк туымды желбіретер,
Ер жетсін балғын саби ұландарың.

Әке

О, әке, бүгінде тағатым жоқ,
Жоқсың сен,
Мен қалдым қанатын боп.
Кімге барам, мұңымды
Кімге шағам,
Ұзақ жол жеткізбейді
Баратын көп.
Кейде асыр сапар, толады ішім,
Қайта кеп тұғырына қонармысың.
Селдіреп ақ сақалым гайып болды.
Рухың тірі әлі соғармысың.
Тамшы боп шатырыма тамасың ба?
Тансәрі тереземді қасыңа ба?
Маңдайың бейнет көрген қырғыстанып,
Ұрпақты жетеледін әр асуға.
Білемін өн бойымда арман барын,
Арзан сөз, шен-шеңкенте малданбадым.
Немере-шөпшектерін құран оқып,
Жайқалып өсіп келеді ормандарын.

Бозымбай Қоқыбасов

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабалдау болмесе - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі, ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4019 Таспырасы № 1343

Нөмірдің кезекші редакторы Айлана БАХТИЯР